

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Сарсенбай Лаура Орынбекқызы

Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбастау ауылын ауыз сумен  
қамтамасыз ету жобасы

Дипломдық жоба  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Инженерлік жүйелер және желілер  
кафедрасы меңгерушісі

техн. ғылым канд., ассоц проф.

Алимова К.К.

«20» 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: "Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбастау ауылын ауыз  
сумен қамтамасыз ету жобасы"

Мамандығы 5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған



Сарсенбай Л.О.

Ғылыми жетекші

геол-минерал. ғыл. канд., ассоц. проф.

Досхожаев А.С. Досхожаев

«17» мамыр 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

**БЕКІТЕМІН**

Инженерлік жүйелер және желілер  
кафедрасы меңгерушісі

техн. ғылым канд., ассоц проф.

Алимова К.К.

« 07 » 02 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Сарсенбай Лаура Орынбекқызы*

Жобаның тақырыбы *Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбастау ауылын  
ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы*

Университет Ректорының 2018 жылғы "30" қазан №1210бұйрығымен  
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы « 30 » сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *дипломға дейінгі өндірістік  
практикадан жиналған материалдар фондылық мәліметтерден алынды.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

*а) Жалпы бөлім*

*б) Жерасты сулары қорларын пайдаланулық барлау*

*в) Жоба алдындағы талдау*

Сызба материалдар тізімі:

*а) Ауданның шолу картасы*

*б) Геологиялық карта және оның қимасы масштабы 1 : 200000*

*в) Гидрогеологиялық карта және оның қимасы, масштабы 1 : 200000*

*г) Жұмыс учаскесінің гидрогеологиялық картасы және оның қимасы,  
масштабы 1: 50000*

*д) Ұңғыманың геологиялық-техникалық қимасы*

Жұмыс презентациясы \_\_\_\_\_ слайдта көрсетіледі.

Ұсынылған негізгі әдебиет:

1. Завалей В.А., Мақыжанова А.Т., Қасенов А.Қ. Жерасты суларының  
қорлары – Алматы, ҚазҰТУ, 2009

2. Джабасов М.Х., Шорина С.В.

Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	12.02.19ж.- 30.03.19ж.	
Жерасты сулары қорларын пайдаланулық барлау	01.04.19ж.- 16.04.19ж.	
Жоба алдындағы талдау	16.04.19ж. - 30.04.19ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлім	А.С.Досхожаев геол-минерал. ғылым.канд.ассоц.проф	15.05.19	<i>Досхожаев</i>
Жерасты сулары қорларын пайдаланулық барлау	А.С.Досхожаев геол-минерал. ғылым.канд. ассоц.проф	16.05.19	<i>Досхожаев</i>
Жоба алдындағы талдау	А.С.Досхожаев геол-минерал. ғылым.канд. ассоц.проф	17.05.19	<i>Досхожаев</i>
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhDдокторы, лектор	18.05.19	<i>Көлдеева</i>

Жобаның жетекшісі, ассоц.профессор *Досхожаев* А.С.Досхожаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *Сәрсенбай* Сәрсенбай Л.О.

Күні «18» *мамыр* 2019 ж.

## **АНДАТПА**

Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Сарыбастау аулыны елді мекенін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін төменгі төрттік аллювийлі-пролювийлі шөгінділердегі жерасты сулары келешекті болып саналады. Жобаланатын гидрогеологиялық жұмыстардың әдістемесі, түрлері мен көлемдері С<sub>1</sub> категориясы учаске шегінде жерасты суларының пайдалану қорларын бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыстар барысында аталған елді мекен орналасқан ауданның геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын зерттеу, сулы горизонтқа іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу үшін бір ұңғыма бұрғылау жобаланады. .

## **АННОТАЦИЯ**

Для обеспечения питьевой водой населенного пункта Сарыбастау Жамбылского района Алматинской области перспективными считаются подземные воды в нижних четвертичных аллювиево-пролювиевых отложениях. Методика, виды и объемы проектируемых гидрогеологических работ позволяют оценить эксплуатационные запасы подземных вод в пределах участка категории С<sub>1</sub>. В ходе работ предполагается бурение одной скважины для изучения геолого-гидрогеологического состояния района расположения данного населенного пункта, проведения поисково-разведочных работ на водоносный горизонт.

## **ANNOTATION**

To provide drinking water to the village Sarybastau of Zhambyl district of Almaty region, underground water in the lower Quaternary alluvial-proluvial deposits is considered promising. The method, types and volumes of the projected hydrogeological works allow to estimate operational reserves of underground waters within a site of category C1. In the course of the work, it is planned to drill one well to study the geological and hydrogeological state of the area of the location of this settlement, conduct prospecting and exploration work on the aquifer.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Негізгі бөлім	8
1.1	Ауданның орналасқан жері және экономикасы	8
1.2	Орография	8
1.3	Климат	9
1.4	Тектоника	9
1.5	Геоморфология	10
1.6	Жұмыс учаскелерінің гидрогеологиялық жағдайларының қысқаша сипаттамасы	10
1.7	Жоба алдындағы жұмыстар түрлері мен көлемдері	11
1.8	Жер асты суларының пайдаланылатын қорларын есептеудің жалпы ережелері	15
2	Жерасты суларын пайдаланулық барлау	16
2.1	Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі, түрлері және көлемі	16
2.2	Бұрғылау жұмыстары	17
2.3	Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер	20
2.4	Орындалған жұмыс түрлері мен көлемдерінің сәйкестігін	21
2.5	бақылау	21
2.6	Бұрғылау кезіндегі қосалқы жұмыстар	23
2.7	Ұңғыманы сазсыздандыру	23
2.8	Тәжірибелік-сүзілу жұмыстары	24
2.9	Ұңғыма сағасын жабдықтау	24
2.10	Жерді қалпына келтіру	25
2.11	Топографиялық-геодезиялық жұмыстар	25
2.12	Режимдік бақылаулар	26
2.13	Су сынамаларын сынамалау және зертханалық зерттеу	26
3	Камералдық жұмыстар және есеп жасау	27
	Жоба алдындағы талдау	28
	Қорытынды	29
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	31
	А қосымшасы	32
	Б қосымшасы	33
	В қосымшасы	34
	Г қосымшасы	35
	Д қосымшасы	36
	Е қосымшасы	39
	Ж қосымшасы	41
	К қосымшасы	

## КІРІСПЕ

Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі - халық денсаулығын жақсартудың маңызды міндеті, сондықтан бұл мәселе республика Үкіметінің басым мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстанда халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасы елдің барлық дерлік өңірлерінде, оның ішінде Алматы облысының аумағында да бар[1].

Жерасты суларының сапасы 16.03.2015 ж. №209 ҚР санитарлық нормаларының (ҚР Ұлттық экономика министрлігі) талаптарына сәйкес болуы тиіс. Жобаланатын жұмыстар бір сатылы сипатқа ие және жеке барлау элементтері бар іздеу-бағалау кезеңіне сәйкес келеді.

Жобаланатын гидрогеологиялық жұмыстардың әдістемесі, түрлері мен көлемдері С<sub>1</sub> категориясы учаске шегінде жерасты суларының пайдалану қорларын бағалауға мүмкіндік береді және осы категориядағы жерасты сулары Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбастау ауылын сумен қамтамасыз етуге толығымен жарамды тиіс.

Дайындық кезеңінде аталған елді мекен орналасқан ауданның геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын зерттеу жүргізілді. Сондай-ақ, жер асты суларына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отырған елді мекендерді сумен жабдықтау бойынша бұрын жүргізілген зерттеулер негізінде жұмыстар учаскелерінің гидрогеологиялық жағдайын зерттеу жүргізіледі.

Жиналған деректер негізінде жобаланатын ұңғымалардың конструкциялары анықталады, елді мекендердегі тұрғындар саны нақтыланады.

1. Жұмыс учаскесі жазықта орналасқан, абсолютті белгісі 340 – ОБ Ом (биіктік, геоморфология).

2. Гидрогеологиялық жағдайлардың күрделілік жағдайы су сиыстырушы жыныстардың барлық жерде қалыспауына байланысты - екінші.

3. Бұрғылану бойынша аудан категориясы – 2 - қанағаттанарлық.

4. Жұмыс учаскелерінің жанында жер асты суларының ластану көздері жоқ.

5. ЖСКО шаруашылық игерілу дәрежесі -1 категория-игерілген аумақтар.


6. Геологиялық зерттеудің күрделілігі - 2-күрделі петрографиялық және минералогиялық құрамның жыныстары.

## 1 Негізгі бөлім

### 1.1 Ауданның орналасқан жері және экономикасы

Жобалық іздестіру-барлау жұмыстарының аумағы бірнеше парақта орналасқан және  $45^{\circ}20'$ - $46^{\circ}00'$  с координаттарымен шектелген. Әкімшілік бөлінісі бойынша Алматы облысының Жамбыл ауданына жатады.

Жақын елді мекен-Ұзынағаш аудан орталығы, зерттелетін учаске асфальтталған жолмен қосылған. Облыс орталығы Талдықорған қаласы болып табылады (1-сурет).



1 Сурет –Жұмысауданының шолу картасы

### 1.2 Орография

Орографиялық тұрғыдан алғанда аудан солтүстігінде Шолақ тауларымен, Алтын-Емел жотасының сілемдерімен, оңтүстігінде - Іле Алатауы шектелген тауаралық ойпатты білдіреді.Ең үлкен абсолюттік



белгілер ауданның оңтүстік-шығыс бөлігінде-Іле Алатауының солтүстік баурайларында байқалады, олардың шыңдары 2695 м жетеді.

Жазықтың біртекті фонында беттік еңісі жазықтың жалпы еңісіне кері оңтүстікке қарай болатын Бас-Боролдай жалғыз адыры (532 М) көрініп жатыр.

### **1.3 Климат**

Солтүстігінде тауаралық ойпатты шығыстан батысқа қарай Іле өзені қиып өтеді. Қаскелең өзенін қабылдағаннан кейін Іле өзені бағытын ендіктен солтүстік-батысқа қарай өзгертеді, Қапшағай тау шатқалында Карой үстіртін жыралап Балқаш маңына шығады.

Бастау, қоректену облысы, гидрогеологиялық режимі, бойлық профиль сипаты бойынша ауданның барлық өзендері нақты үш түрге бөлінеді.

Қармен, мұздықпен қоректенетін өзендер өз ағысының 40-45 пайызын шлейфті жолақта сіңуге бере отырып жазықтағы жерасты суларын тұщыландыру рөлін атқарады.

### **1.4 Ауданның геологиялық-гидрогеологиялық жағдайларының қысқаша сипаттамасы**

#### **1.4.1 Стратиграфия**

Ауданның геологиялық құрылысына таскөмірлерден төрттікке дейін жаралу тегі және жастары әртүрлі жыныстар қатысады(Ипатов, Тимуш, 1966ф). (Ақосымшасы)

**Палеозой. Таскөмір жүйесі (С).** Литологиясы жағынан олар дацитті порфирлердің эффузивтерімен және туфтарымен, сирегірек дацитті-андезитті порфириттермен, гравелиттермен, құмтастармен, алевролиттермен және ізбестастармен көрсетілген. Шөгінділер қалыңдығы 400м-800м.

**Пермь жүйесі (Р).** Құрамы липарит-дацитті, андезитті, сирек базальтты эффузивтермен және туфтармен, конгломераттар, гравелиттер, құмтас және алевролиттеркөрсетілген. Чулак свитасының жалпы қалыңдығы шамамен 500-1000м.

**Кайнозой. Палеоген жүйесі (Pg).** Іле ойпатында кездесетін түзілімдер жатады, құмтастар мен кальцит ұяшықтары бар қоңыр және қызыл-қоңыр түсті аргиллиттермен көрсетілген. Палеогеннің ашылған қалыңдығы 620м.

**Неоген жүйесі (N).** Құрамында әр түйіршікті құмдар бар жасыл-сұр және қоңыр аргиллиттермен, брекчия тәріздес конгломераттармен кезектесіп келетін құба-қызыл саздармен, құмдармен, құмтастармен, қиыршықтастармен көрсетілген. Қалыңдығы 200-2800 м.

**Төрттік жүйе (Q).** Төрттік жүйенің шөгінділері аллювийлі, аллювийлі-пролювийлі, аллювийлі, көлдік-пролювийлі және эолдық шөгінділермен

берілген. Ауданда төменгі төрттік ( $Q_I$ ), ортаңғытөрттік ( $Q_{II}$ ), жоғарғытөрттік ( $Q_{III}$ ), қазіргі шөгінділер ( $Q_{IV}$ ) кездеседі. Олар қиыршықтан дөңбектасқа дейін өзгертін әртүрлі сынық материалдан, құмды, қиыршық тас және саздақтардан, құмдақтармен, қиыршық тас линзасы және қабаты бар құмдармен, сирек малтатастармен кездеседі. Қалыңдығы 5-100 м[8].

#### **1.4.2 Тектоника**

Сипатталған аудан оңтүстігінде, аудан шегінен тыс, Валлий антиклинориясымен, ал солтүстігінде (Шолақ таулары) - Алтын-Емел антиклиналдық көтерілімен шектелетін Іле синклинориясы шегінде орналасқан. К-43-VI парақ аумағы екі ярусты құрылыммен сипатталады.

#### **1.5 Геоморфология**

Жер бедерінің геоморфологиялық типтерінің бөлінуі генетикалық принципке негізделген және мұз түзілу факторларының ерекшелігі бойынша жүргізілді. Абсолюттік белшілері 465-740 м.

#### **1.6 Жұмыс учаскелерінің гидрогеологиялық жағдайларының қысқаша сипаттамасы**

Қарастырылып отырған аудан шегінде келесі сулы горизонттар мен кешендер таралған. Төменде тек келешекті сулы горизонт сипаттамасы беріледі (Бқосымшасы).

*Төменгі төрттік аллювийлі-пролювийлі шөгінділердегі сулы горизонт (ар $Q_I$ )*

Сипатталып отырған ауданда төменгі төрттік аллювийлі-пролювийлі шөгінділердегі жерасты сулары Сарыбастау елді мекенін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін келешегі бар болып саналады.

Аудан шегінде төменгі төрттік аллювийлі-пролювийлі шөгінділері шамалы таралған және территорияның шығыс шекарасындағы Бас-Боралдай жотасын құрайды. Шөгінділер құм, сүйіртас, саздақтар және саздар қабатшалары бар дөңбектасты-малтатастармен көрсетілген. Оның қалыңдығы кеңінен ауытқиды— 10-нан 250м-ге дейін. Жерасты сулары деңгейлерінің жату тереңдігі 40-тан 200 м-ге дейін болады. Шөгінділер жақсы құрғалатын учаскелерде, немесе саздақтар мен саздар арасында су сиыстыратын қабаттар болмаса, онда олар сусыз. Дөңбектасты-малтатастарға байланысты жерасты сулары дебиті 0,3-тен 2,0л/с-ке дейін. Су тұщы, құрғақ қалдық 0,1-1,2г/л және кермектілік 3-5мг·экв/л. Минералдылық типі гидрокарбонатты кальцийлі, сирегірек - сульфатты-хлоридті кальцийлі-

натрийлі. Жерасты сулары атмосфералық жауын-шашынның сіңуі, жерасты суларының басқа горизонттардан ағып келуі есебінен қоректенеді[2,3,4,5].

### **1.7 Жоба алдындағы жұмыстар түрлері мен көлемдері**

Жобалаудың екінші кезеңінде Жамбыл ауданы Сарыбастау елді мекені бойынша алдын ала тексеру гидрогеологиялық және геоэкологиялық маршруттық зерттеулер жүргізіледі. Маршруттар елді мекендер мен алаңдар аумағының геологиялық-гидрогеологиялық және геоэкологиялық жағдайларын зерттеу, қолданыстағы сумен жабдықтау схемасын анықтау, елді мекен тұрғындарының саны туралы мәліметтер жинау, жер асты суларының ластануының әлеуметті көздерін анықтау, Сарыбастау елді мекені әкімінің қатысуымен жобалық ұңғыманың салынуының алдын-ала орнын анықтау мақсатында жүргізілді (Вқосымшасы).

#### **1.7.1 Алдын ала барлау нәтижелері**

Тексеру кезінде алынған ақпарат көптеген фотосуреттері бар пикетаждық журналда, нақты материалдың далалық карталарында, ауылдық округ әкімдері куәландырған маршруттық тексеру актілерінде көрсетіледі. Пайдалану ұңғымаларының төлқұжаттары сақталған жерлерде олардың көшірмелері алынып тасталады, ауылдық округ әкімдіктерінде тексеру кезінде және 2040 жылға дейін келешекті суды тұтыну туралы деректер алынады. Келешекті суды тұтынуды есептеу ауылдық округ әкімдері және Жамбыл ауданы ТКШ бөлімінің басшысы бекітеді және төмендегі 1-кестеге енгізіледі.

#### **1 Кесте–Келешекті суды тұтынуды есептеу**

№	Елді мекен-учаске атауы	Тұрғындар саны, адам	Суды тұтынуды есептеу, л/сут ( $m^3/тәу$ )	Нормативті құжаттар
1.	Сарыбастау елді мекені	1265	177100 (177,1)	СНЖЕ РК 4.01-02-2009

Тиісті кестелерде жобаланатын ұңғымалардың алдын ала алынған географиялық координаттары көрсетілген, олар Жамбыл ауданындағы ауылдық округ әкімімен келісіледі және 2-кестеде көрсетілген.

## 2 Кесте – Жобалықұңғымалар координаттары

№	Елді мекен-учаске атауы	Ұңғымалар координаттары		
		С.Е.	Ш.Ұ.	Абс.белгі, м
7	Сарыбастау ауылы	43°18'16.2"С	76°01'53.4"В	789

3-кестеде алдын ала барлау кезінде жүрілген арақашықтық туралы мәліметтер келтіріледі.

3Кесте –Алдын-ала барлау кезінде жұмыс учаскелері арасындағы жүрілген арақашықтық

№	Бастапқы пункт – жұмыс учаскесі		Қашықтық, км.
	от	до	
1	2	3	4
1	Талдықорған қ.базасы	Сарыбастау ауылы	335

Алдын-ала тексеру кезінде іздестіру-барлау жұмыстарының учаскелері нақтыланады, оларда судың жеткіліксіз болуына байланысты бұрғылау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бұдан басқа, 15км радиустағы елді мекендердің маңайындағы және қолданыстағы және жобаланатын су тартқыштардың аумақтарының санитарлық және экологиялық жағдайы анықталады.

**Сарыбастау ауылы учаскесі, Үңгүртас ауылдық округі.**

Елді мекен Қозыбастау бұлағы есебінен сумен қамтамасыз етіледі. Территорияда 3 қараусыз қалған ұңғыма бар.

Жобаланатын нөмір8010 іздеу-барлау ұңғымасы Сарыбастау су тартқышы аумағында алдын-ала жобаланған (2-сурет). Жобалық ұңғыманың географиялық координаттары 43°18'16.2" солтүстік ендік, 76°01'53.4" шығыс бойлық, альтитуда 789м.

Жобалық ұңғыманың болжамды геологиялық-литологиялық қимасы бұрын бұрғыланған ұңғымалардың қималары бойынша жасалған және 1:200 000 масштабтағы К-43-ХІ парақтың гидрогеологиялық түсірілімінің деректері бойынша түзетулер енгізілген.

Сарыбастау ауылының нөмір8010 ұңғымасының жобалық қимасы нөмір1071 ұңғымасы бойынша қабылданады және келесі шөгінділермен көрсетілген (4-кесте).



2 Сурет– Сарыбастау ауылының сутартқышы аумағының жалпы көрінісі

4 Кесте – Сарыбастау ауылының нөмір 8010 ұңғымасының геологиялық-литологиялық қимасы

Геологиялық жасы	Қабат нөмірі	Таужыныстарының қысқаша сипаттамасы	Қабат төсеніші тереңдігі, м	Қабат қалыңдығы, м	Таужыныстар категориясы
1	2	3	4	5	6
<i>aQIII</i>	1	Қиыршық қоспасы 20 % ашық қоңыр саздақ	6,0	6,0	III
	2	Толтырғышы құм дөңбектасты-қиыршық	9,0	3,0	X
	3	Қиыршық қоспасы 20 % ашық қоңыр саздақ	35,0	26,0	III
<i>арQII<sup>2</sup></i>	4	Толтырғышы құм дөңбектасты-қиыршық	41,0	6,0	X
	5	Қиыршық қоспасы 20 % ашық қоңыр саздақ	121,0	80,0	III
	6	Ұсақ түйіршікті ашық сұр құм	125,0	4,0	II
	7	Қиыршық қоспасы 20 % ашық қоңыр саздақ	135,0	10,0	III

Осылайша, жобалық кезең жұмыстарының нәтижесінде Сарыбастау ауылын сумен жабдықтаудың негізгі параметрлері анықталады және іздеу-барлау ұңғымаларын бұрғылау жобаланады. (Гқосымшасы)

Бұл ұңғымалардың құрылымын таңдау мен негіздеу Сарыбастау ауылының қажеттілігіне тікелей байланысты. Төмендегі кестеде ауылдағы тұрғын саны мен тұтыну көлемін анықтауға керек басқа параметрлер келтірілген. Ауыл тұрғындары санын, үй жануарларын, мектепті, басқа объектілерді ескере отырып суды тұтыну көлемі есептеледі (5-кесте).

5 Кесте – Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау қажеттілігі

№	Елді мекен-учаске атауы	Тұрғын саны, адам	Келешекке 2 және 1,3 коэффициенттерін ескере отырып су қажеттілігі		
			м <sup>3</sup> /тәу	дм <sup>3</sup> /с	м <sup>3</sup> /сағ
1	2	3	4	5	6
7	Сарыбастау ауылы	1265	230,23	2,66	9,59

Осылайша, осы жоба бойынша C<sub>1</sub> категориясы бойынша бағаланатын жерасты суларының пайдаланылатын қорларының жалпы саны 2,66 дм<sup>3</sup>/с, 9,59 м<sup>3</sup>/сағ немесе 230,23 м<sup>3</sup>/тәулік құрайды.

## **1.8 Жер асты суларының пайдаланылатын қорларын есептеудің жалпы ережелері**

Пайдаланудың есептік мерзімі сужинағыш ғимаратының мақсаттық пайдалануына байланысты анықталады. Ұзақ уақыттық объектілерді сумен қамтамасыз ету үшін есептік мерзім жабдықтардың амортизация мерзімімен (25-30 жыл) анықталады және есептеулерде 10 000 тәулік (27,4 жыл) алынады;

### **1.8.1 Жерасты суларының пайдалану қорларын бағалау әдісін таңдау негіздемесі**

Осы жоба бойынша, жұмыс ауданының жалпы гидрогеологиялық жағдайын талдауға сүйене отырып, су тарту ғимаратын пайдалану мерзімінің соңына төмендету есебінің аналитикалық формулаларын пайдалана отырып, жер асты суларының пайдалану қорларын гидродинамикалық әдіспен есептеу көзделеді.

*Гидродинамикалық тәсіл* сүзілудің дифференциалдық теңдеуі шешуімен алынған сужинағышты есептеу үшін математикалық формулаларды қолдануға негізделеді.

Учаске бойынша жеке сутартқыш есебі пайдаланудың есептік мерзімінің соңына қарай сутартқыш ұңғымасындағы деңгейдің төмендеуін және алынған есептік шаманы оның рұқсат етілген мәнімен салыстыруды анықтаудан тұрады.

### **1.8.2 Жер асты суларының пайдалану қорларын бағалау үшін қажетті есептік параметрлер**

Жерасты суларының қорларын гидродинамикалық әдіспен бағалау үшін аналитикалық теңдеулерге кіретін келесі есептік гидрогеологиялық параметрлерді анықтау қажет:

- пайдалануға көзделген сулы горизонттың толық және тиімді қалыңдығы ( $m$ ), м;
- сулы горизонттың сүзілу коэффициенті, ( $k$ ) м/тәу;
- сүетімділік коэффициенті ( $km$ ), м<sup>2</sup>/тәу;
- деңгей өтімділік немесе пьезоөтімділік коэффициенті ( $a_y, a$ ), м<sup>2</sup>/тәу.

Сулы горизонттың толық және тиімді қалыңдығы жобалық гидрогеологиялық ұңғыманы бұрғылау және жобада жобаланған нәтижелер бойынша гидрогеологиялық қиманы кезекті бөлшектеу, бұрғыланған ұңғымаларда геофизикалық зерттеулер нәтижелері бойынша анықталады.

Жерасты суларының пайдалану қорларын бағалау осы жобада қарастырылатын объекті үшін су тарту ғимараты үздіксіз жұмыс істеген жағдайда 10000 тәулік пайдалану кезеңіне жүзеге асырылатын болады [4,7,9].

### **1.8.3 Жер асты суларының пайдалану қорларын олардың зерттелу дәрежесі бойынша категориялау**

Осы жобада жоспарланған объектілер бойынша  $C_1$  категориясының қорлары жекелеген барлау қазбаларын (ұңғымаларын) нақты сынамалау негізінде жобалық су тартқыштардың есептік өнімділігі бойынша есептелетін болады [18,19].

## **2 Жерасты суларын пайдаланулық барлау**

### **2.1 Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі, түрлері және көлемі**

Осы жоба жұмыстардың екі кезеңі бөлінген.

*Бірінші кезеңде* жобаланатын жұмыстардың ұқсас көрші учаскелерінде жүргізілген гидрогеологиялық зерттеулер бойынша қолда бар фондылық материалдар зерттеліп, геологиялық-гидрогеологиялық материалдар бойынша келешекті сулы горизонт немесе тікелей елді мекен алаңдарында барлау жұмыстарын қоюға арналған кешенді бөлуге мүмкіндік береді.

Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жүргізілген далалық алдын-ала гидрогеологиялық маршруттық тексеру нәтижесінде ауыл тұрғындарына толық сапалы сумен қамтамасыз етілмегені анықталды.

*Екінші кезеңде жобаланған жұмыс түрлері мен көлемін орындайтын ұйым* далалық және камералдық жұмыстарды жүргізуді көздейді. Жұмыстар Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбастау ауылын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауды ұйымдастыру үшін жеткілікті көлемде жер асты суларының пайдалану қорларын анықтауға мүмкіндік беретін толық көлемде орындалуы тиіс.

Екінші кезеңнің жұмыстары келесі жұмыс түрлері мен көлемін қамтиды: геологиялық жұмыстар, ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер, тәжірибелік-сүзілу жұмыстары, режимдік бақылаулар, су сыналасын сынамалау және лабораториялық зерттеулер, топогеодезиялық жұмыстар, камералдық жұмыстар.

#### **2.1.1 Жұмыстарды ұйымдастыру**

Осы жоба бойынша далалық және камералдық жұмыстар екі кезеңде орындалады. Дала жұмыстарын жүргізу үшін техника мен персоналды жеткізу Алматы облысы Талдықорған қаласында орналасқан кәсіпорынның базасынан жүзеге асырылады деп жоспарлануда. Жалпы қашықтық 670 км құрайды.

#### **2.1.2 Іздестіру-барлау жұмыстары учаскелерін гидрогеологиялық және санитариялық-экологиялық зерттеу**

Учаскелер аумағында бар гидрогеологиялық ерекшеліктерді, тиісті ауылдардың тұрғындарын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздерін және олардың санитарлық-экологиялық жағдайын нақтылау мақсатында жобада іздестіру-барлау жұмыстары учаскелері шегінде гидрогеологиялық және санитарлық-экологиялық тексеру жүргізу көзделеді.



Маршруттардың жалпы көлемі  $13 \cdot 2 = 26$  км жолсызбен. Мамандандырылған отрядтың кәсіпорын базасынан жұмыс учаскесіне дейін және Талдықорған қаласына кері көшуі жолдар бойынша 670 км құрайды. Барлығы 670 км жолдар бойынша және 26 км жолсыз жолмен.

## **2.2 Бұрғылау жұмыстары**

### **2.2.1 Ұңғыма конструкциясын жобалау**

Жобаланатын жұмыстар учаскелерінің гидрогеологиялық жағдайлары жақсы зерттелген, сондықтан жобамен учаскеде бір іздестіру-барлау ұңғымасынан бұрғылау көзделеді.

Тереңдігі 40 м-ден 310 м-ге дейінгі ұңғымалармен жоғарғы бор және аллювийлі ортаңғы төрттік шөгінділердің төменгі қабаттары ашылатын болады. Бұрғылау жұмыстарының жалпы көлемі 135 қ.м. құрайды.

Осылайша, жұмыстар жүргізу учаскесіндегі ұңғыманы сынамалау жөніндегі деректерді ескере отырып, осы жобада шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін төменгі-ортаңғы-төрттік, жоғарғы төрттік сулы горизонт суларын пайдалану ұсынылады. Тереңдігі 135 м нөмір 8010 жобалық ұңғыманы айналма тәсілмен бұрғылау УРБ-3АМ немесе 1БА-15В станоктарымен жүргізіледі, ол қиыршықтастар, дөңбектасты қиыршықтар, конгломераттар, құмдар, қиыршық тас, әктас, саз балшықтар, алевролиттерді ашатын болады.

сулы горизонт индексі  $арQ_1$ . Бұрғылау станогының жалпы көшу қашықтығы 670 км құрайды.

**Сарыбастау ауылы учаскесі. нөмір 8010 жобалық ұңғымасы.** Учаскенің геологиялық қимасының жеткілікті зерттелуін ескере отырып, жобада 135 м тереңдікте кернсіз ұңғыманы бұрғылау көзделеді. 0-10 м аралықта бұрғылау диаметрі 394 мм, диаметрі 325 мм кондукторға көзделеді, құбыр аралық кеңістігі 0-10 м аралықта цементтеледі. ҰГЗ әдісімен геофизикалық зерттеулер кешенін жүргізгеннен кейін ұңғыма диаметрі 219 мм сүзгіш бағанамен жабдыкталады. Сүзгі ұзындығы 10 м болатын сым орамасы бар болат тордан жасалған су қабылдағыш беті бар тесілген құбыр. Сүзгіні орнату аралығы каротаж жүргізілгеннен кейін және бұрғылау аяқталғаннан кейін ұңғымада жүргізілген геофизикалық зерттеулер нәтижелерін (ҰГЗ әдісі) интерпретация жасаған соң нақтыланады [4].

### **2.2.2 Бұрғылау және бұрғылау станогын таңдау**

Ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары УРБ-3АМ немесе 1БА-15В бұрғылау станогымен, балшық ерітіндісімен тікелей шаю арқылы роторлық тәсілмен, кернсіз тұтас ұңғыма түбімен жүргізілетін болады.

## 2.2.3 Бұрғылау қондырғысын монтаждау-демонтаптау

Ұңғыманы бұрғылау нүктесінде айналмалы жүйенің науасына жуу сұйықтығын бұруға арналған бағыттаушы құбыр орнату үшін тереңдігі 2,0 м болатын 0,8·0,8м шурф өтеді. Барлық жер жұмыстары III категориядағы топырақта қолмен орындалады.

Жер жұмыстарының көлемі:

- зумпф үшін  $2 \cdot 2 \cdot 1,5 \cdot 13 = 6 \text{ м}^3$ ;

- шурф үшін  $0,8 \cdot 0,8 \cdot 2,0 \cdot 13 = 1,28 \text{ м}^3$

Барлық жер жұмыстарының жалпы көлемі:  $7,28 \text{ м}^3$ .

## 2.2.4 Ұңғымалар конструкциясын анықтау

Ұңғымаларды бұрғылау УРБ-3АМ немесе 1БА-15В бұрғылау станогымен, балшық ерітіндісімен тікелей шаю арқылы роторлық тәсілмен жүргізіледі. Осы ауыл үшін су қажеттілігі онда тұратын халықтың санына қарай есептелген.

Режимдік жұмыстардың жылдық циклін жүргізу қажеттілігіне, сондай-ақ ұңғымаларды пайдалану ретінде жер қойнауын пайдаланушыға беру шартымен байланысты бұрғыланған іздестіру-барлау ұңғымаларында барлық шегендеу құбырлары мен сүзгілері қалдырылатын болады (6-кесте).

6 Кесте – Нөмір8010 іздеу барлау ұңғымасы конструкциясы

Нөмірі	Елді мекен атауы	Ұңғыма нөмірі	Цементті стаканды бөлшектеу аралығы	Ұңғыма конструкциясы						Сүзгінің жұмыс бөлігін анықтау аралығы, м
				Бұрғылау диаметрі, мм және бұрғылау аралығы, м			Шегендеу құбыры диаметрі, мм, және отырғызу аралығы, м			
				Кондуктормен	Бағыттағыш бағанамен	Сүзгі бағанасымен	Кондуктормен	Пайдалану бағанасы	Сүзгі бағанасымен	
				Ф-394мм	Ф-295,3мм	Ф-200мм	Ф-325мм	Ф-219мм	Ф-127мм	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
7	Сарыба стау ауылы	8010	9-10	0-10	10-135	-	+0,5-10	+0,5-135	-	35-41; 121-125

7 Кесте – Нөмір 8010 іздеу-барлау ұңғымасында қалдырылатын құбырлар

№	Учаске	Шегендеу құбыры, м				Сүзгі, м	
		Оқпаны 0,5 м Ф-325мм кондукторы	Оқпаны 0,5 м Ф-219 мм бағыттағыш	Сүзгі бағанасы Ф-219мм	Сүзгі бағанасыФ-127мм	Сүзгі ұзындығы Ф-219мм	Сүзгі ұзындығы Ф-127мм
7	Сарыбаст ау ауылы	10	-	125	-	10	-
<b>Барлығы:</b>							

Жобалық ұңғыманы шегендеу үшін барлығы:

- диаметрі 325мм құбыр – 10 қ.м;
- диаметрі 127мм құбыр– 125қ.м;
- сүзгі дайындау – диаметрі 127мм – 10 қ.м (тот баспайтын галунмен тоқылған конустық тесіктері бар перфорацияланған құбыр).

Цементтеуге барлығы – 135қ.м. құбыр диаметрі 325мм болғанда, құбыр диаметрі 394мм болғанда 10 қ.м., құбыр диаметрі 295,3мм болғанда 125 қ.м..

Кондукторлар мен бағыттаушы бағаналар үшін цемент ерітіндісінің (ОЦЗ) кату уақыты 24 сағат (3,43 с/см) қабылданады:  $1\text{ұңғ} \cdot 3,43 = 3,43 \text{ ст/см}$ .

## 2.2.5 Бұрғылау жұмыстарының технологиясы мен көлемі

Бұрғылау келесі параметрлері бар жоғары сапалы сазды ерітіндімен тікелей жуумен жүзеге асырылады:

- меншікті салмақ-1,2 г/см
- тұтқырлығы-20-30 сек СПВ-5 бойынша
- 30 минут ішінде су беру-5-10см
- тәуліктік тұндыру-3-4 пайыз
- құм мөлшері-2-3 пайыз
- сазды қабықтың қалыңдығы-2,0 см артық емес
- тұрақтылық-0,04-0,05

Сазды ерітіндіні дайындау үшін  $1,9 \text{ т/м}^3$  үлес салмағы бар бентонитті балшық қолданылады. Төменде 8-кестеде сазды ерітіндіні дайындау үшін саз шығынының есебі келтірілген және 9-кестеде сазды ерітіндіні дайындау үшін таза судың есептік көлемі келтірілген.

Бұрғылау режимі (ротор айналымдарының саны, жуу сұйықтығының шығыны және т. б.) бұрғылау агрегатының техникалық мүмкіндіктеріне және ұңғыманың түбіне оны бұрғылау кезіндегі нақты геологиялық қимаға байланысты таңдалады.

8 Кесте – Сазды ерітінді дайындауға арналған балшық шығынын есептеу

№	Ұңғыма диаметрі мм.	Бұрғылаудың қ.м. мөлшері, 135 қ.м.	135 қ.м. бұрғылау нормасы, т.	Балшық шығыны, т	Ескерту
1.	0,2	1240	27	33,48	ЕНИР, параграф Е14- сазды ерітінді тығыздығыг/см <sup>3</sup> - 1.2
2.	0,2953	1300	65,5	85,15	
3.	0,394	195	67,3	13,12	
	<b>барлығы</b>	2735		<b>131,75</b>	

Бұрғылау кезінде саз ерітіндісінің шығынын ескеретін 1.1 коэффициентімен жиыны:  $131,37 \cdot 1,1 = 144,93$  тн.

9 Кесте – Барлау-іздірету ұңғымаларын бұрғылау үшін сазды ерітінді дайындауға арналған таза су көлемін есептеу

Ұңғыма нөмірі	Ұңғыма диаметріd, в м.	Бұрғылаудың қ.м. мөлшері,L,п.м.	Су мөлшері, м <sup>3</sup> $V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4}$
1	0,2	1240	233,62
2	0,2953	1300	533,94
3	0,394	195	142,58
	итого	2735	910,13

Топырақ құрамын ескеретін коэффициент  $K=6$ .

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,2)^2 \cdot 1240 \cdot 6}{4} = 233,62 \text{ м}^3 \quad (1)$$

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,2953)^2 \cdot 1300 \cdot 6}{4} = 533,94 \text{ м}^3 \quad (2)$$

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,394)^2 \cdot 195 \cdot 6}{4} = 142,58 \text{ м}^3 \quad (3)$$

Жуу сұйығының шығын коэффициентін есепке ала отырып, барлығы  $1,1 \cdot 1001,14 \text{ м}^3$ .

### 2.3 Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер

Жалпы тереңдігі 135м іздеу-барлау ұңғымасындағы геофизикалық зерттеу қиманы литологиялық-стратиграфиялық бөлу, тау жыныстарының радиоактивтілігін зерттеу, келешекті сулы горизонтты қимада бөлу және сүзгіні орнату үшін аралықты нақтылау, жер асты суларының минералдануын алдын ала анықтау мақсатында қарастырылады.

Қисық каротажды жазу масштабы: тік – 1:200; қисық КС үшін көлденең – 1см. – 2,5 және 12,5 Омм, тиісінше, 1 және 2 жазу арналары үшін; ПС үшін – 1см. – 2,5-5,0 мV, ГК үшін – 2,5-3,0 мкp/сағ шкалалар мен КМ.

Жұмыс ҰГЗ аяқталғаннан кейін, УАЗ және ГАЗ-66 автомобилінің базасында орнатылған СК-1-74 каротаждық станциясымен жеке маршрутпен жұмыс учаскесіне шыға отырып жүргізілетін болады.

Геофизикалық зерттеулер кешені әрбір аралықты (диаметр 295,3мм және диаметр 200мм) бұрғылау аяқталғаннан кейін әрбір жұмыс учаскесінде көзделеді. Барлығы 1-2 рет шығады.

